

AYALA ҚОРЫНЫҢ 2026 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

AYALA қайырымдылық қорының 2026 жылғы 14 қаңтардағы стратегиялық сессиясында оның ағымдағы жылғы қызметінің негізгі бағдарламалық бағыттарын айқындайтын қор жұмысының 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі стратегиялық мақсаттары қабылданды. Олар стратегиялық сессияда айқындалған 3 басымдыққа сәйкес келеді, атап айтқанда:

№ 1 басымдық: алдыңғы қатарлы медициналық технологияларды, оның ішінде ЖИ негізінде енгізу арқылы Қазақстанның пренаталдық, неонаталдық және перинаталдық қызметтерінің жұмысын жетілдіруде және неонатологтардың, неонаталдық медбикелердің, УДЗ мамандарының, акушер-гинекологтардың біліктілігін арттыруда мемлекетке көмек көрсету;

№ 2 басымдық: қиын өмірлік жағдайда балаларды IT бағыттауға және дамытуға баса назар аудара отырып, балалар мен жасөспірімдерді кәсіптік бағдарлау дайындығына көмек;

№ 3 басымдық: бенефициарларды барынша қамти отырып, әрбір ірі демеушінің қажеттіліктеріне сәйкес бірегей жобаларды әзірлеу.

ҚОРДЫҢ 2026 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАРЫ:

№ 1 МАҚСАТ: СӘБИЛЕР МҮГЕДЕКТІГІ МЕН ӨЛІМ-ЖІТІМІН АЗАЙТУ: 31.12.2026 ЖЫЛҒА ҚАРАЙ СӘБИ ӨЛІМ-ЖІТІМІ БОЙЫНША НЫСАНАЛЫ КӨРСЕТКІШКЕ ЖЕТУДЕ МЕМЛЕКЕТКЕ КӨМЕК КӨРСЕТУ;

№ 2 МАҚСАТ: ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ НЕОНАТАЛДЫҚ ДӘРІГЕРЛЕР, ОФТАЛЬМОЛОГТАР, МЕДБИКЕЛЕР, АКУШЕРЛЕР, УЗИ-МАМАНДАР ҮШІН САРАПТАМА ОРТАЛЫҒЫ БОЛУ;

№ 3 МАҚСАТ: ТАЛАНТТЫ ЖАСӨСПІРІМДЕР МЕН ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ КӘСІПТІК БАҒДАРЛАУ.

«AYALA» қайырымдылық қоры алға қойған мақсаттарға жету үшін серіктес заңды тұлғалармен және 2026 жылы негізгі жобаларды іске асыру үшін краудфандингтік арналар арқылы жеке тұлғалармен жұмыс істеу арқылы тартуды жоспарлап отырған жалпы бюджет **1 000 424 747 теңгені құрайды.**

AYALA Қоры Қамқоршылық кеңесі бекіткен 2026 жылға арналған Стратегиялық мақсаттар шеңберінде қайырымдылық жобаларды іске асыру үшін қаражат тарту жөніндегі жоспарлар толық көлемде орындалмауы мүмкін, өйткені, серіктестердің ұсынылған ынтымақтастыққа берген жауабы;

қор жобаларына қолдау көрсетуге шақыратын жеке тұлғалардың пікірі секілді бірқатар объективті жағдайларға байланысты. Бекітілген стратегиялық мақсаттар шеңберінде 2026 жылы Қор іске асырған жобалардың нақты бюджеті туралы есеп 2027 жылғы II жартыжылдықта Қордың сайтында жарияланатын Жылдық есеп және Қордың қаржылық есептері (стандартты және тәуелсіз аудиторлар тексеруден өткізген) түрінде көрсетілетін болады.

AYALA қоры 2026 жылы серіктестерден, демеушілерден, сондай-ақ краудфандингтік арналар арқылы жеке тұлғалардан тартылған барлық қаражат 100% көлемінде Қор құрылтайшыларының жеке қаражаты есебінен қамтамасыз етілетін ұйымның әкімшілік шығыстарын жабуға арналған сомаларды ұстап қалусыз қайырымдылық жобаларын іске асыруға бағытталатынына кепілдік береді.

**№ 1 МАҚСАТ: СӘБИЛЕР МҮГЕДЕКТІГІ МЕН ӨЛІМ-ЖІТІМІН ТӨМЕНДЕТУ:
31.12.2026 ЖЫЛҒА ҚАРАЙ СӘБИ ӨЛІМ-ЖІТІМІ БОЙЫНША НЫСАНАЛЫ
КӨРСЕТКІШКЕ ЖЕТУДЕ МЕМЛЕКЕТКЕ КӨМЕК КӨРСЕТУ**

№ 1 мақсатқа қол жеткізу үшін Қор мынадай жобаларды іске асыратын болады:

1.1. Пренаталдық диагностикаға ЖИ-технологияларды енгізу

Қазақстанның кемінде 10 облыстық перинаталдық орталықтарында туа біткен жүрек ақауларын анықтау дәлдігін арттыру мақсатында ұрыққа УДЗ жүргізу үшін Fetoly AI медициналық құрылғысын сатып алу.

Бюджет: 11 800 000 теңге

1.2. 2 жаңа ЖИ-шешімдерді іріктеу

Дамудың туа біткен кемістіктерін, хромосомдық ауытқулар мен неонаталдық кезеңнің асқынуларын диагностикалау үшін.

Бюджет: 5 000 000 теңге

1.3. Қазақстандағы балалардың көру қабілеті бойынша мүгедектігін төмендету жөніндегі «Әлемді көремін» жобасы:

- 3 облыстық перинаталдық орталықтарды (Ақтау, Көкшетау, Қызылорда) офтальмологиялық лазерлермен жарақтандыру – 35 100 000 теңге;

- Алматы қаласындағы № 3 перинаталдық орталықты 1 офтальмологиялық томографпен жарақтандыру – 210 000 000 теңге;
- 4 мекемені (Алматы қаласының Балаларға шұғыл медициналық көмек көрсету орталығы, Орал, Тараз және Өскемен қалаларының облыстық перинаталдық орталықтары) ретиналды камерамен жарақтандыру – 136 000 000 теңге;
- Өскемен қаласының Ана және бала орталығына офтальмолог кабинеті үшін офтальмоскопты және басқа да жабдықтарды беру – 3 480 000 теңге.

Жобаның жалпы бюджеті: 384 580 000 теңге

1.4. Қазақстанда сәби өлімі мен мүгедектігін азайту жөніндегі «Өмір сыйлайық» жобасы:

- 2 облыстық перинаталдық орталықтардың (Талдықорған, Қызылорда) неонаталдық реанимацияларын жарақтандыру – 100 000 000 теңге;
- Алматы қаласындағы № 2 балалар ауруханасындағы нейрохирургия бөлімшесін қазіргі заманғы жабдықтармен жарақтандыру – 102 000 000 теңге;
- Атырау қаласындағы облыстық балалар ауруханасы мен перзентхананы жарақтандыру - 129 968 000 теңге.

Жобаның жалпы бюджеті: 331 968 000 теңге

№ 2 МАҚСАТ: ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ НЕОНАТАЛДЫҚ ДӘРІГЕРЛЕР, ОФТАЛЬМОЛОГТАР, МЕДБИКЕЛЕР, АКУШЕРЛЕР, УЗИ-МАМАНДАР ҮШІН САРАПТАМА ОРТАЛЫҒЫ БОЛУ

№ 2 мақсатқа қол жеткізу үшін Қор «AYALA академиясы» жобасын мынадай бағыттарда іске асыратын болады:

- 2.1. AYALA-ACADEMY онлайн-платформасында 1 бейнекурсты әзірлеу, дайындау және жариялау
Бюджет: 13 650 000 теңге
- 2.2. Екі орталықта – Алматы мен Астанада феталды оталардың жаңа түрін енгізу (қажетті жабдықтармен толық жарақтандыру және дәрігерлерді оқыту)
Бюджет: 25 000 000 теңге

- 2.3. Атырау қаласының облыстық перинаталдық орталығының дәрігерлері үшін 3 халықаралық шеберлік сыныптарын өткізу
Бюджет: 35 678 000 теңге
- 2.4. Балалар офтальмологтарын «Витреоретиналды хирургия», «Көздің оптикалық когеренттік томографиясы», «Көздің лазерлік хирургиясы» курстары бойынша оқыту
Бюджет: 5 000 000 теңге
- 2.5. Халықаралық сарапшыларды шақыра отырып, витреоретиналды хирургия бойынша офтальмологтар үшін шеберлік сыныптарын өткізу
Бюджет: 30 000 000 теңге

№ 3 МАҚСАТ: ТАЛАНТТЫ ЖАСӨСПІРІМДЕР МЕН ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ КӘСІПТІК БАҒДАРЛАУ

№ 3 мақсатқа қол жеткізу үшін Қор мынадай жобаларды іске асыратын болады:

- 3.1. SAMSUNG Kazakhstan компаниясына Орталық Азия елдерінде **Solve for Tomorrow** жобасын іске асыруға көмектесу
Бюджет: 49 000 000 теңге
- 3.2. SAMSUNG Kazakhstan компаниясына Қазақстанның 6 өңірінде **Samsung Innovation Campus** жобасын іске асыруға көмек көрсету
Бюджет: 44 428 747 теңге
- 3.3. Аудан орталықтарындағы инновациялық балалар кітапханалары: Атырау облысы Құлсары кентіндегі кітапхананы жарақтандыру
Бюджет: 40 000 000 теңге
- 3.4. Қарағанды қаласындағы Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған орталықта тігін шеберханасын жарақтандыру, кәсіптік бағдарлау курстарын ұйымдастыру
Бюджет: 10 000 000 теңге
- 3.5. Ауылдық орта мектептерде спорт алаңдарын салу (футбол алаңдары, волейбол алаңдары, воркаут алаңдары)

Бюджет: 14 320 000 теңге